

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 4 ақпан N 330. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2003.12.04. N 1243 жарлығымен.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ереже бекітілсін.

2. "Мемлекеттік қызметтің кадр резервін жасақтау және олармен жұмысты ұйымдастырудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 12 шілдедегі N 3056 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 31, 280-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Жарлық 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2000 жылғы 4 ақпандағы

N 330 Жарлығымен

бекітілген

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ЕРЕЖЕ

Осы Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік қызмет үшін тұрақты кадрлар резервін жасақтау мен қолдау мақсатында "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Ереже мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік лауазымдарына қолданылады.

2. Кадр резерві - осы Ережемен анықталған тәртіппен жасақталған жүйелі тізімге деректері енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі -

а з а м а т т а р) .

3. Кадр резервіне есепке алынған азаматтар бір жыл ішінде лауазымдар санаттарының бір тобы шегінде мемлекеттік әкімшілік қызмет лауазымдарының тиісті немесе төменгі санатының лауазымына біліктілік талаптарына сәйкес келген әрі олардың келісімі болған жағдайда конкурстан өтпей тағайындалуы м ү м к і н .

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

4. Ережемен белгіленген мерзімді есептеу азаматтық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кадр резервін жасақтау

5. Кадр резервін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - өкілетті орган):

1) конкурстық іріктеуге қатысқан және конкурстық комиссия кадр резервіне е с е п к е а л у ғ а ұ с ы н ы л ғ а н ;

2) мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқытудан өткен;

3) халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге кәсіби дәрежесін көтеру мақсатында мемлекеттік органдар жұмысқа жіберген;

4) аттестациядан өткен және аттестация комиссиясы кадр резервіне есепке алу үшін ұсынған мемлекеттік әкімшілік қызметшілер болып табылатын а з а м а т т а р д а н к ұ р а д ы . < * >

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2003.04.21. N 1071 жарлығымен

6. Кадр резерві Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың әрбір санаты үшін қ ұ р ы л а д ы .

7. Кадр резервіне есепке алу өкілетті органның шешімі мен азаматтардың өздерінің еріктерінің негізінде, Ережеде көрсетілген негіздемелер болғанда ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

8. Өкілетті орган кадр резервіне есепке алу жөнінде өтініш берген азаматты кадр резервіне есепке алу жөнінде шешім қабылдаған сәттен бастап, ол резервші б о л а д ы .

9. Резервші жөніндегі деректерді өкілетті орган жүйелі тізімге енгізеді және оған өкілетті орган бекіткен тиісті тіркеу нысаны толтырылады.

10. Кадр резервінде болу өкілетті орган оны кадр резервіне есепке алу туралы шешім қабылдаған сәттен басталады және бір жылдан артыққа созылмайды.

11. Резервшіге арналған тиісті әкімшілік лауазым, резервші ұсынылған лауазым санаты болып табылады. Тиісті әкімшілік лауазым нақты мемлекеттік

органдағы дәл сол конкурс жарияланған лауазым болуы міндетті емес.

12. Кадр резервинде болу мерзімі ішінде резервшіні мемлекеттік орган әкімшілік лауазымға орналасу үшін іріктеуі мүмкін. Резервшінің әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос лауазымына орналасуы үшін, белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысу құқығы сақталады.

12-1. Уәкілетті органның резервшінің өтініші бойынша, ол біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, лауазымдар санаттарының бір тобы шегінде төменгі санаттағы лауазымдарға орналасу үшін оны кадр резервіне а у ы с т ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

13. Кадр резервімен жұмысты ұйымдастыру өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне жүктеледі.

14. Кадр резервімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тәртібін өкілетті орган айқындайды.

3. Конкурстық іріктеуге қатысқан азаматтардың есебінен кадр резервін жасақтаудың тәртібі

15. Конкурстық комиссияның өкілетті органға конкурсқа қатысушыларды кадр резервіне, әрбір бос лауазым үшін бір үміткерден ғана есепке алуға ұсыным жасау құқығы бар. Егер конкурстың нәтижесінде бос қызмет орнына орналасуға үміткер анықталмаса, конкурсқа қатысушылардың ешқайсысы кадр резервіне есепке алуға ұсыныла алмайды.

Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

16. Мұндай ұсыным үшін конкурсқа қатысушының тиісті мемлекеттік орган белгілеген бос лауазымға арналған біліктілік талаптарына сәйкестігі және өтпелі пәндерді қанағаттандыратын тестілеудің көрсеткіштері, сондай-ақ, конкурстық комиссия жүргізген әңгімелесу нәтижесі негіздеме болады.

17. Кадр резервіне есепке алуға ұсыным жасау туралы шешімді конкурстық комиссия дауыс беру жолымен қабылдайды.

18. Егер мәжіліске оның құрамының кемінде 2/3-і қатысып, ол үшін қатысушы конкурстық комиссияның қатысқан мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, конкурстық комиссияның шешімі заңды болып табылады.

19. Кадр резервіне есепке алу үшін конкурс өткізуші мемлекеттік орган он күн ішінде кадр резервіне есепке алуға ұсыным жасау жөніндегі конкурстық комиссия мәжілісінің хаттамасынан үзіндіні, конкурсқа қатысушының жеке конкурстық ісін және конкурсқа қатысушының кадр резервіне есепке алынуға берген жазбаша келісім өкілетті органға ұсынады.

20. Өкілетті орган жеті күн ішінде кадр резервіне есепке алу немесе ондай есепке алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысушының Ереженің 16-тармағының талаптарына сәйкессіздігі немесе Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу ережелерінің бұзылуы ғана бас тартуға негіз болуы мүмкін.

4. Мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқытудан өткен азаматтардан кадр резервін жасақтаудың тәртібі

21. Мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқытудан өткен азаматтар өкілетті органның шешімімен кадр резервіне есепке алынуы мүмкін.

21-1. Ереженің 21-тармағында аталған азаматтар үшін тиісті санаттар лауазымдарының кадр резервіне есепке алыну құқығы мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқуды бітірген сәттен бастап туындайды және олар үшін үш ай бойы сақталады.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

22. Кадр резервіне есепке алыну үшін Ереженің 21-тармағында көрсетілген азаматтар өкілетті органға мынадай құжаттар өткізеді:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) кадрларды тіркеу жөніндегі толтырылған жеке іс қағазы (нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы және телефоны, соның ішінде байланыс телефоны көрсетілген);
- 3) өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалдама;
- 4) білімі туралы құжаттарының нотариальдық немесе белгіленген заң тәртібінде өзгеше куәландырылған көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының нотариальдық немесе белгіленген заң тәртібінде өзгеше куәландырылған көшірмелері;
- 6) денсаулық жағдайы туралы белгіленген нысандағы анықтама;
- 7) мемлекеттік әкімшілік қызметтің тиісті санаттағы лауазымдары үшін белгіленген тестіден өтудің нәтижелері;
- 8) 3 x 4 см. үлгідегі екі фотосурет.

23. Азаматтар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен жеке басына (біліктілігін көтеру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездеме, ұсыным, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қатысты қосымша ақпарат бере алады.

24. Ереженің 22 тармағында көзделгеніндей, өкілетті орган өтініштер мен

құжаттардың түскен сәтінен бастап он күн мерзімде, мемлекеттік әкімшілік қызметтің тиісті санаттағы лауазымдарының кадр резервіне есепке алу немесе мұндай есепке алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Кадр резервіне есепке алмауға Ереженің 22-тармағында көрсетілген құжаттарды бермеуі немесе ұсынылып отырған мемлекеттік әкімшілік қызметтің тиісті санаттағы лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына, мемлекеттік қызмет туралы заңдардың өзге де талаптарына сәйкессіздігі бас тартуға негіз бо л ы п т а б ы л у ы м ү м к і н .

26. Кадр резервіне есепке алуға құқық беретін мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен қайта даярлаудың кезекті күнтізбелік жылға арналған мемлекеттік бағдарламаларының тізбесі заңдарға сәйкес бекітіледі.

5. Халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге кәсіби дәрежесін көтеру мақсатында мемлекеттік органдар жұмысқа жіберген азаматтардан кадр резервін жасақтаудың тәртібі

27. Халықаралық ұйымдарда немесе басқа мемлекеттерде кәсіби дәрежесін көтеру мақсатында мемлекеттік органдардың жолдамасымен жұмыс істейтін және мемлекеттік органмен еңбек қатынасын үзген азаматтардың өкілетті органның шешімі негізінде кадр резервіне есепке алыну хақы бар.

28. Ереженің 27-тармағында көрсетілген азаматтардың кадр резервіне есепке алыну құқығы азаматтың халықаралық ұйымдардағы немесе басқа мемлекеттердегі жұмысынан қайтып оралған сәтінен басталады және қайтып оралғаннан кейін үш ай мерзім ішінде сақталады.

29. Кадр резервіне есепке алыну үшін азаматтар өкілетті органға мынадай қ ұ ж а т т а р ұ с ы н а д ы :

1) олардың жұмыстан босатылғаны және халықаралық ұйымдарға немесе басқа мемлекеттерге жұмысқа жіберілгені туралы бұйрықтардың үзінді к ө ш і р м е л е р і ;

2) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

3) кадрларды тіркеу жөніндегі толтырылған жеке іс қағазы іспарағы (нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы және телефоны, соның ішінде байланыс т е л е ф о н ы к ө р с е т і л г е н) ;

4) өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалдама;

5) білімі туралы құжаттарының нотариальдық немесе белгіленген заң тәртібінде өзгеше куәландырылған көшірмелері;

6) еңбек кітапшасының нотариальдық немесе белгіленген заң тәртібінде өзгеше куәландырылған көшірмесі;

7) мемлекеттік әкімшілік қызметтің тиісті санаттағы лауазымдары үшін

белгіленген тестіден өткізудің нәтижелері;

8) 3 x 4 см. үлгідегі екі фотосурет.

30. Азаматтар өздерінің шетелдегі қызметтеріне, сондай-ақ, біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен жеке басына (біліктілігін көтеру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездеме, ұсыным, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қатысты қосымша ақпарат бере а л а д ы .

31. Осы құжаттардың келіп түскен сәтінен бастап он күн мерзімде өкілетті орган тиісті санаттағы лауазымдарының кадр резервіне есепке алу немесе мұндай есепке алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

32. Ереженің 29-тармағында көрсетілген құжаттарды бермеуі немесе ұсынылып отырған мемлекеттік әкімшілік қызметтің тиісті санаттағы лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына, мемлекеттік қызмет туралы заңдардың өзге де талаптарына сәйкессіздігі бас тартуға негіз болып табылады.

5-1. Аттестациядан өткен және аттестация комиссиясы кадр резервіне есепке алуға ұсыным жасаған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерден кадр резервін жасақтаудың тәртібі <*>

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Президентінің 2003.04.21. N 1071 жарлығымен .

32-1. Аттестация комиссиясының уәкілетті органға аттестациядан өткен және атқаратын лауазымында жоғары кәсіби деңгейіне қол жеткізген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді (бұдан әрі - аттестацияланғандар) олар осы санаттарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда жоғары санаттағы лауазымдарға кадр резервіне есепке алу үшін ұсынуға құқығы бар.

32-2. Аттестация өткізген мемлекеттік орган кадр резервіне есепке алу үшін аттестация комиссиясының шешімі бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға аттестациядан өтушінің мынадай құжаттарын ұсынады:

1) аттестация комиссиясының шешімін бекіту туралы бұйрықтан үзінді к ө ш і р м е ;

2) уәкілетті орган белгілеген нысандағы қызметшінің өтініші;

3) мемлекеттік органның кадр қызметі куәландырған кадрларды тіркеу ж ө н і н д е г і ж е к е і с п а р а ғ ы .

32-3. Уәкілетті орган осы Ереженің 32-2-тармағында көзделген құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде кадр резервіне есепке алу немесе мұндай есепке алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Кадр резервіне есепке алудан бас тартудың негіздері аттестацияланушының жоғары санаттағы лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі немесе осы Ереженің 32-2-тармағында аталған құжаттарды табыс етпеуі болып табылады.

6. Кадр резервіне есепке алынған азаматтардың әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу тәртібі

33. Әкімшілік лауазымның бос орны бар мемлекеттік органның, конкурс өткізгенге дейін резервшілердің нақты санатқа тиісті тізімін беру туралы өкілетті органға сұрау салады. Сұрау өкілетті орган бекіткен нысанда жіберіледі.

Ескерту. 33-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

34. Өкілетті орган сұрау алған сәттен бастап екі апта мерзімде оған мемлекеттік қызметтің әкімшілік лауазымдардың санатына сәйкес резервшілердің тізбесі бар жауап жолдайды.

35. Мемлекеттік органның резервшімен әңгіме өткізуге хақы бар.

36. Мемлекеттік орган әкімшілік қызметтің бос лауазымына резервшіні орналастыру туралы шешім қабылдаған кезде осы мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынысы бойынша кадр резервіне бұрын алынған адамдардың кандидатурасын бірінші кезекте қарайды.

Кадр резервінде лауазымдардың осы санатына немесе мемлекеттік органның бос лауазым үшін белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келетін резервшілер болмаған немесе резервшімен әңгімелесу нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, мемлекеттік органның конкурс өткізуге құқығы бар.

Мемлекеттік орган қабылданған шешім туралы уәкілетті органды он күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2001.05.11. N 605 жарлығымен

37. Жоғарыда көрсетілген жазбаша хабырландырудың негізінде өкілетті орган кадр резервіне тиісті өзгерістер енгізеді. Өкілетті орган мемлекеттік орган таңдаған резервшіні хабарландырады, оның жеке іс қағазын мемлекеттік органға жібереді.

38. Резервшінің мемлекеттік қызметке алынуы заңдарда қаралған тәртіппен және мемлекеттік қызмет туралы заңдарда белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

7. Кадр резервінен шығару тәртібі

39. Өкілетті органның азаматтарды кадр резерві есебінен шығаруы мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) резервшінің бос мемлекеттік қызмет лауазымына орналасуы;
- 2) резервшінің кадр резервінен шығару туралы өтініш беруі;
- 3) мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес азаматтардың мемлекеттік

қызметте болуын шектейтін кадр резервіне есепке алу туралы шешім қабылдау сәтіндегі белгісіз немесе болмаған негіздердің пайда болуы;

4) Ереженің 10-тармағында көрсетілген мерзімнің бітуі;

5) кадр резервіне есепке алудың осы Ережемен белгіленген тәртібі мен шарттарының бұзылуы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК